

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ**

**ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ
КОМИТЕТІ**

**«ІЛЕ-БАЛҚАШ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ РЕЗЕРВАТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ**

ПАСПОРТЫ

Қарой 2019 ж.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман шаруашылығы және жануарлар
дүниесі комитетінің
2019 жылғы «04» шілде
№ 17-5-6/162 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман шаруашылығы және жануарлар
дүниесі комитетінің
2019 жылғы «04» шілде
№ 17-5-6/162 бұйрығымен тіркелген



Тіркеу нөмірі 107P-07

**«ІЛЕ-БАЛҚАШ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ РЕЗЕРВАТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
ПАСПОРТЫ**

Қарой - 2019 ж.

1. «Іле Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты РММ республикалық маңызы бар. Жарамдылығы-тұрақты. Санаты-II.

(ерекше табиғи аумақтың аталуы, оның түрі мен санаты)

Ұйымдастыру негіздері: Экологиялық, ғылыми, тарихи, мәдени және рекреациялық құндылығы бар ерекше табиғат кешендерінің және мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің табиғат қорғау мақсаттарында биологиялық және ландшафттық алуантүрлілікті сақтау.

2. «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты »республикалық мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 маусымдағы № 381 Қаулысымен құрылған.

(Ерекше қорғалатын табиғи аумақты құрған немесе кеңейтетін мемлекеттік орган актісінің атауы, берілген күні және саны).

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің орман және жануарлар дүниесі комитеті.

(Ерекше қорғалатын табиғи аумаққа жауапты мемлекеттік органның атауы)

4. «Қараой» мемлекеттік табиғи қамалы (кешенді), «Балқаш маңы» мемлекеттік табиғи қамалы (кешенді).

(Заңды тұлға мәртебесі жоқ ерекше қорғалатын табиғи аумақты қорғауға бекітілген ұйымның атауы)

5. Арнайы қорғалатын табиғи аумақты туристік инфрақұрылымдары белгілінген картографиялық үлгісімен, географиялық координаттары, шекараларының сипаттамасы, аумақтың аралық және қорғау аймақтарының орналасуы:

5.1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және жануарлар дүниесі комитетінің «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесі Алматы облысының Балқаш ауданында орналасқан.

(Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың орналасқан жері)

5.2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шекараларының сипаттамасы

Резерват аумағы Іле-Жиделі аралық жер телімінде және Жиделі жазығының шығыс сағасының шығыс бөлігінде орналасқан және 2 бөліктен тұрады - «Балқаш маңы» және «Іле өзенінің арнасы» учаскесі 58 868 га жалпы көлемімен Балқаш көлінің қазіргі су кемерінің жағадан 500 м-дей солтүстік-батыс акваторияның жіңішке бөлігі мен жағалаудың батпақты алқаптарымен қоса алғанда, арнадағы көлдер мен Иір мен Жиделі өзендерінің арнааралық кеңістіктерін алып жатыр. Орта бөлігіне Шыбық, Көкөзен, Шағарай мен Байміней өзенаралық ағыстары мен көлдер кіреді. Учаске Балқаш ауданының босалқы жерлерінен құралған.

«Балқаш маңы» учаскесі көлемі 356 296,2 га, Қарой ауылының шығысқа қарай 20 км алшақтықта орналасқан және Балқаш көлінің акваториясының (500 м) жіңішке жолағын алып жатыр. Солтүстік шекарасы Балқаш көлімен су кемерімен акваторияға қарай 500 м (по данным кадастровой карты Алматы ГӨЖО 2011 жылғы кадастрлық картаның мәліметі бойынша). Шығыс шекарасы Алматы облысы Балқаш ауданының шекарасымен тұспа-тұс келеді. Оңтүстік шекарасы тік сызбамен Балқаш көлінің жаға жолағына параллелді өтеді және Қараой мемлекеттік табиғи қаумалының шекарасымен тұспа-тұс келеді. Батыс шекарасы су кемеріне солтүстіктен оңтүстікке қарай перпендикулярлы өтеді

5.3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың жалпы көлемі

Негізгі аумағы (ерекше қорғалатын табиғи аумақ бойынша жерді сатып алу) -415 164,2 га

1. Тұрақты жер пайдалану туралы актілер. 18.03.2019 ж. № 0494257, 333561.4000 га жер учаскесінің алаңы, кадастрлық № 03-043-048-096.
2. Тұрақты жер пайдалану туралы актілер. 18.03.2019 ж. № 0494259, жер телімі № 344,0000 кадастрлық № 03-043-042-252.
3. Тұрақты жер пайдалану туралы актілер. 18.03.2019 ж. № 0494256, жер телімі № 19288,8000 кадастрлық № 03-043-043-003.
4. Тұрақты жер пайдалану туралы актілер. 18.03.2019 жылғы № 04942258, жер телімі № 58868.0000 кадастрлық № 03-043-042-251

Тұрақты жер пайдалану құқығына арналған акт Алматы облысы бойынша «Мемлекеттік азаматтық үкімет» мемлекеттік мекемесінің, Балқаш ауданының жер кадастры мен жылжымайтын мүлік бөлімінің коммерциялық емес акционерлік қоғамында тіркелген.

5.4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың қорғалатын көлемі

Қорғау аймағы 128,786.0 га (алдын ала), қорғау аймағының шекаралары Алматы облысының әкімдігімен келісіледі, сондықтан қорғау аймағының ауданы анықталмаған.

Келешекте қорғау аймағының шекарасын анықтағаннан кейін төлқұжат түзетіледі.

а) 1-кесте - «Іле-Балқаш» МТР РММ-нің аумағын қалыптастыру.

Рет саны	Кластерлік аумақ	Көлемі, га
1	Іле сағасы	58868
2	Балқаш маңы	356296,2
	БАРЛЫҒЫ:	415164,2

Резерват аумағы Балқаш аудандық қор жерлерінен, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің су

ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу, республикалық мемлекеттік мекемесінің Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясының су қорының жерлерінен және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды басқару басқармасы «Бақанас мемлекеттік орман күзеті мемлекеттік мекемесінің жер учаскелерінің орман қорынан» қалыптасатырылды./2-кесте/

2-кесте - «Іле-Балқаш» МТР РММ-ді жерге орналастыру

Жер санаты	Көлемі, га
Резервтік жерлер	50063,6
Су қорының жерлері	25024,0
Орман қорының жерлері	340076,6
БАРЛЫҒЫ:	415164,2

Сонымен, резерваттың аумағы:

- негізгі аумағы (ерекше қорғалатын табиғи аумағына өткен жер) - 415 164,2 га
- қорғау аймағы (жерді пайдаланудан алмай) - 128 786,0 га.

б) Жер экспликациясы:

Атауы	Жалпы көлемі	ОНЫҢ ІШІНДЕ, ГА:								
		Орман алқаптары				Мекенделген				
		Орманмен жабылған	Оның ішінде		Жалпы орман алқаптары	шабындықтар	жайылымдар	Су астында	жолдар	Басқа жерлер
Шырша ормандары	Орман дақылдары									
Орман қорының жерлері	340076,6	70785,3	19020,5	-	89805,8	22510,0	190347,1	-	-	-
Резервтік жерлер	50063,6	-	-	-	-	-	50063,6	-	-	-
Су қорының жерлері	25024,0	-	-	-	-	-	-	25024,0	-	-
Барлығы:	415164,2	70785,3	19020,5	-	89805,8	22510,0	240410,7	25024,0	-	-

5.5. Арнайы қорғалатын аумақтың картографиялық схемасы және осы аумақтың қорғау, санитарлық-қорғау немесе басқа қорғау аймақтары (немесе оны қолдану туралы ескертпе).

«Алматы облысы, Балқаш ауданының аумағында «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерватының шекарасын құру жобасы».

Масштабы 1: 200 000 (қоса беріледі)

6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақта орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сандық және сапалық сертификаттары паспорттың 1-қосымшасында келтірілген.

6.1. «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерватының РММ флорасы мен фаунасының жай-күйін анықтайтын индикаторлық түрлері

(ерекше қорғалатын табиғи аумақтың аталуы)

6.1.1. Өсімдіктер:

Рет саны	Өсімдіктің атауы			Индикатор қасиеттері
	Қазақша	Орысша	латынша	
1	Қара сексеуіл	Саксаул черный	<i>Haloxylon aphyllum</i>	шөлдік экожүйелік жағдайлар
2	Шобер қаншиесі	Селитрянка Шобера	<i>Nitraria schoberi</i>	шөлдік экожүйелік жағдайлар
3	Теріскен	Терескен роговидный	<i>Krascheninnikovia ceratoides</i>	шөлдік экожүйелік жағдайлар
4	Көпбұталы жыңғыл	Гребенщик многоветвистый	<i>Tamarix ramosissima</i>	шөлдік экожүйелік жағдайлар
5	Қандауыршажапытақты кендір	Кендырь ланцетолистный	<i>Trachomitum lancifolia</i>	шөл және тоғайлы экожүйелік жағдайлар
6	Жапырақсыз жүзғын	Жузгун безлистный	<i>Calligonum aphyllum</i>	шөлдік экожүйелік жағдайлар
7	Үшкіржемісті жиде	Лох остроплодный	<i>Elaeagnus oxycarpa</i>	сулы-батпақты және тоғайлы экожүйелер
8	Жантақ	Верблюжья колючка	<i>Alhagi pseudalhagi</i>	шөл және тоғайлы

				экожүйелік жағдайлар
9	Түрліжапырақты тораңғы	Туранга разнолистная	<i>Populus duversifolia</i>	шөл, сулы-батпақты экожүйелер мен тоғай ормандары
10	Қамыс	Тростник южный	<i>Phragmites australis</i>	сулы-батпақты және тоғайлы экожүйелер
11	Қоға ши	Рогоз узколистный	<i>Typha angustifolia</i>	сулы-батпақты және тоғайлы экожүйелер

6.1.2. Жануарлар
Сүтқоректілер:

Рет саны	Түрдің атауы			Индикатор қасиеттері
	Қазақша	Орысша	Латынша	
1	Қаракүйрық	Джейран	<i>Gazella subgutturosa</i>	шөлдік экожүйелік жағдайлар
2	Қабан/доңыз	Кабан	<i>Sus scrofa</i>	сулы-батпақты экожүйелер
3	Қасқыр	Волк	<i>Canis lupus</i>	шөлдік экожүйелік жағдайлар
4	Түлкі	Лисица	<i>Vulpes vulpes</i>	шөл және тоғайлы экожүйелік жағдайлар
5	Қоян толай	Заяц-толай	<i>Lepus capensis (tolai)</i>	шөлдік экожүйелік жағдайлар
6	Кісі тышқан	Большая песчанка	<i>Rhombomys opimu</i>	шөлдік экожүйелік жағдайлар
7	Құм балпағы	Желтый суслик	<i>Spermophilus fulvu</i>	шөлдік экожүйелік жағдайлар

Құстар:

Рет саны	Түрдің атауы			Индикатор қасиеттері
	Қазақша	Орысша	Латынша	
1	Бұйра бірқазан	Кудрявый пеликан	<i>Pelecanus crispus</i>	негізгі көрініс
2	Үлкен суқұзғын	Большой баклан	<i>Phalacrocorax car</i>	балық ресурстарының жағдайы
3	Үлкен аққұтан	Большая белая цапля	<i>Egretta alba</i>	су экожүйелері
4	Сарыалақаз	Огарь	<i>Tadorna ferruginea</i>	шөлейтті жерлерді суару
5	Саз құладыны	Болотный лунь	<i>Circus aeruginosus</i>	су экожүйелері
6	Кәдімгі тілеміш	Обыкновенный курганник	<i>Buteo rufinus</i>	жануарлардың жай-күйі
7	Дала қыраны	Степной орел	<i>Aquila nipalensis</i>	негізгі көрініс
8	Қырғауыл	Фазан	<i>Phasianus colchinus</i>	шөп өсімдіктерінің жағдайы
9	Қасқалдақ	Лысуха	<i>Fulica atra</i>	су экожүйелері

Бауырымен жорғалаушылар:

Рет саны	Түрдің атауы			Бақылау түрлері				Индикатор қасиеттері
	Қазақша	Орысша	Латынша	Негізгі	индикаторлық	Фондық		
1	Ортаазиялық тасбақа	Среднеазиатская черепаха-	<i>Agrionemys horsfieldi-Horstfield's tortoise</i>	+	+		шөл экожүйелерінің жағдайлары	

Қосмекенділер:

Рет	Түрдің атауы			Бақылау түрлері			Индикатор қасиеттері
	Қазақша	Орысша	Латынша	Негізгі	Индикаторлық	Фондық	
1	Көлбақа	Озерная лягушка	<i>Rana ridibunda</i> =Marsh frog	+	+		

6.1.3. Жануарлардың индикаторлық түрлерінің саны паспортқа 2-қосымшада келтірілген.

6.2. «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерватының аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілері

Мұнда тарихи-мәдени мұра объектілері жоқ.

6.2.1. Тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізімі паспортта 3-қосымшада келтірілген.

7. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың функционалдық аймақтары және оларды қорғау режимінің түрлері, іргелес жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушылар туралы ақпарат, олардың қорғалатын аймақта табиғатты пайдалануды басқару жөніндегі міндеттері мен мәселелері.

7.1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарының қорғау режимдері:

Рет саны	Функционалдық аймақтың аталуы	Көлемі, га	Қорғау режимі
1	Қорғау аймағы	124322,2	Қорық режимі
2	Аралық аймақ	290842,0	Қаумалдық режим
3	Қүзету аймағы	Шектеусіз	Реттелетін
	БАРЛЫҒЫ:	415164,2	

7.2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы және оның жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың қорғау аймағында орналасуы, олардың қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттері мен мәселелері туралы ақпарат

Рет саны	Аты, тегі, жөні	Көлемі, га	Орналасқан жері
1	«Әмірбек» ШҚ		Иір-Майтан көл жүйелері
2	«Ақжол» ШҚ	16000	Оңтүстік Семізкөл көл жүйелері, Құйған ауылы
3	«Заготпушнина» ЖШС	2400	Жоғарғы Наурызбай көл жүйелері, Қарой ауылы
4	«Бақанас» АӨК	4000	Мұздыбай көл жүйелері, Қоскүмбез, Қарой ауылдары
5	ОООиР «Патриот»	1420	Жоғарғы Топар көл жүйелері, Топар ауылы
6	«Заготпушнина» ЖШС	1440	Төменгі Топар көл жүйелері, Топар ауылы
7	«Ақжол» ШҚ	800	Изенды-Ақдала көл жүйелері
8	Агрофирма «Өтес» ЖШС	10050	Айнакөл көл жүйелері, Қоскүмбез, Қошқарбай ауылдары
9	«компания Балык и К» ЖШС		Қалдаяқ көл жүйелері, Қарой ауылы
10	«Майтан» ЖШС	7980	Көкөзек көл жүйелері, Қошқарбай ауылы
11	«Табиғат» ЖШС	3020	Шығарай көл жүйелері, Қошқарбай ауылы
12	«Майтан» ЖШС	3400	Бесағаш көл жүйелері, Қараөзек арнасының Балқашқа қосылуы.
13	«МАЛ Хан-Тенгри» ЖШС		Ақөзек көл жүйелері, Қошқарбай ауылы
14	«Баймене» ЖШС	680	Жоғарғы Байменей көл жүйелері, Жиделі ауылы
15	«Василенко» ЖК	800	Төменгі Байменей көл жүйелері, Тұмарбай көлі

8. Рұқсат етілген және тыйым салынған іс-шаралар, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда белгілі бір қызмет түрлері бойынша шектеулер:

Рұқсат етілген және тыйым салынған іс-шаралар, сондай-ақ «Іле-Балқаш» МТР аумағында қызметтің жекелеген түрлерін шектеу

Дербес тұлғаларға МТР аумағындағы шаруашылық қызметі шектелген аймақтарда туристік және рекреациялық іс-шараларға рұқсат етіледі:

- күзетудің қорық режимі орнатылған учаскелерден басқа, жалпы қолданыстағы жолдарда механикалық көліктермен және жүк таситын жылқылармен жүруге, арнайы экскурсиялық соқпақтармен жүруге және жабдықталған тұрақтарда орналасуға;

- Табиғат қорғау мекемесінің әкімшілігімен алдын-ала келісілген шарт бойынша, экскурсия нұсқаушылары мен гид-инспекторлардың қолбасшылығымен ұйымдастырылған экскурсиялар мен туристік сапарларға шығуға;
- МТР әкімшілігімен келісім бойынша су қоймаларда жүзуге арналған құралдарымен жүруге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және МТР рекреациялық қызметі ережелерінде бекітілген тәртіппен арнайы орындарда әуесқойлық (спорттық) балық аулауға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, күзетудің қорық режимі орнатылған учаскелерден басқа жерлерде, арнайы бөлінген орындарда әуесқойлық дәрілік шөптерді жинауға, шөп оруға, қамысты дайындауға және өзге де дәстүрлі табиғатты пайдалануға;
- Резерват әкімшілігімен келісім бойынша спорттық және экологиялық білім беру іс-шараларын өткізуге, туристік жиындар өткізуге;
- кәсіби және әуесқой фото-бейне түсіруге;
- оқыту тәжірибесін жүргізуге;
- Күзетудің қорғау режимі орнатылған аумақтарды қоспағанда, оқыту мақсатында гербарий жинауға, топырақ үлгілерін алуға;
- өзге қызметтер ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспортында көрсетілген.

Табиғатты қорғау мекемесінің ЕҚТА түріне қарай орнатылған құқықтық күзету режиміне қарай **рұқсат етілмейді:**

- табиғатты пайдалану төлем ақысын дәлелдейтін құжаты болмаса ерекше қорғалатын табиғи аумағында болуға;
- жалпы қолданыстағы жолдардан немесе арнайы экскурсиялық соқпақтар мен туристік маршруттардан тыс шығуға және өтуге;
- автокөліктер мен басқа да механикалық құралдарды тұраққа қоюға және су жағасында жууға, ыдыс жууға кір жууға, үй жанурларын шомылдыруға;
- су қоймаларда, кеме қатынасы режимін уәкілетті органдармен және МРТ әкімшілігімен келіспей тұра, моторлы яхталардың, катерлердің, моторлы қайықтардың, скутерледің, квадрициклдердің болуына;
- отын жағуға, мангалдарды орнатуға, арнайы жабдықталмаған және орнатылмаған тыс жерлерде ошақ жағып, тамақ жасауға;
- осы мақсаттарға орнатылған тыс жерлерде құрақтарды жасап, палаткаларды орнатуға;
- әуесқой-спорттық балық аулауға тыйым салынған құралдармен және жабдықтармен балық аулау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген аулауға рұқсат етілген мөлшерден асып кетпеуге;
- жабайы жануарларды рұқсатсыз табиғаттан алуға;
- жабайы жануарларды қорқытуға және қоректендіруге;
- ұяларды, індерді, апандарды, құмырсқа үйшіктерін жоюға;
- ағаштар мен бұталарды кесуге, бұзуға және зақымдауға, ішкі шаруа қажеттіліктеріне сыпырғыштарға шыбықтарды дайындауға;

- табиғи, тарихи, мәдени және археологиялық ескерткіштерді жоюға және зақымдауға;
- рұқсат етілген жерлерден тыс жабайы өсетін ағаш, бұта, шөпті өсімдіктер мен дәрілік шикізаттарды жинауға және қазып алуға;
- көрнекті үгіт-насихат құралдарын (стенд, панно, аншлагтарды т.б.), орман жайғастыру, жер жайғастыру, орман шаруашылығының белгілерін бұзуға және бүлдіруге;
- ғимараттар мен ағаштарға жазба мен суреттерді салуға;
- рұқсатсыз мал жаюға, шөп шабуға, ағаш кесуге және басқа да заңсыз орманды пайдалануға;
- тұрмыстық қоқыспен және топырақ бетін ластауға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалардан аспайтын қоршаған ортаға шу мен өзге акустикалық әсер беретін заттарды қолдануға;
- мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен табиғи кешендердің объектілерінің табиғи дамуы мен сақталуын бұзатын өзге де іс-әрекетерге.

Табиғатты қорғау мекемесінің аумағында орнығуының негізі болып, келушінің қолында ЕҚТА -ны ғылыми, экологиялық-ағарту, туристік, рекреациялық және шектеулі-шаруашылық мақсаттарда пайдалану жөніндегі төлем ақысын растайтын, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында бекітілген формасы бойынша, құжаты болуы керек. Ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны жөнінде төлемін растайтын құжат келушінің болу мерзімінің соңына дейін сақталады.

Табиғатты қорғау мекемесінің шекарасында немесе қорғау аймағында тұрып жатқан жергілікті халыққа, табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануды қамтамасыз ететін, негізгі дәстүрлі шаруашылық жүргізуге және, күзетудің қорық режимі орнатылған аумақтан басқа функционалды аймақтарға, кедергісіз өтуге рұқсат беріледі.

9. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға келіп-кету ережелері, жұмыс уақыты және рекреациялық жүктеме

Рекреациялық сыймдылық пен жүктеме. Аумақты рекреациялық мақсаттарда пайдалану үшін осы аймақтың рекреациялық жүктемесі мен рекреациялық сыйымдылығын есептеу өте маңызды. Рекреациялық жүктеменің әдетте көлемдік анықтауы жасалады. Мұндай көзқарас туристердің бүкіл аумақта біркелкі таратылуын қамту керек, бірақ іс жүзінде ол мүмкін емес. Әрбір табиғи кешеннің тұрақтылығы, соның ішінде рекреациялық жүктемені қоса алғанда, бірқатар экологиялық факторларға байланысты өзгереуі мүмкін: топырақтың ылғалдылығы (жаңа жетілген топырақ өте төзімді, кебуі мен ылғалдылығы төмендегенде, төзімділігі түсе бастайды); топырақтың механикалық құрамы (ең тұрақты жеңілсазды топырақтар, механикалық құрамы ауырлай немесе жеңілдей бастаса тұрақтылық төмендейді); топырақтың гумустық горизонтының қалыңдығы (неғұрлым мықты болса, тұрақтылығы да артады); борпылдақ жерасты шөгінділердің мықтылығы (егер жартас табаны жер бетіне жақындай түссе, тұрақтылық айтарлықтай төмендейді); жер бетінің қисыны (неғұрлым көбірек болса, тұрақтылық төмен болады); ағаштектестердің

құрамы мен негізгі ағаш сұрыптарының тамыр жүелерінің құрылысы (солтүстік жартышардың қоңыржай белдеуі үшін ұсақжапырақты сұрыптар қылқанжапырақтыларға қарағанда төзімдірек болып келеді); ағаштекестердің орта жасына (жоғары болса, тұрақтылық артады, бірақ бұл пісіп жетілгенге шейін – содан кейін тұрақтылық түсе бастайды); табиғи ормандар (кейбір жағдайларды ескірмегенде) мәдени егістіктерге қарағанда өте жоғары тұрақтылыққа ие.

Осыған байланысты, МТР аумағында орналасқан әрбір ландшафтың типіне және түрлі тұрақтылық дәрежесі бар табиғи кешендерге рекреациялық жүктеме бөлек анықталу керек. ЕҚТА -ға келіп-қайтқан кезде, тапталған жолақтар ең маңызды фактор болып саналады, жиі олардың сипаты енді емес, тікжолақты болып келеді. Басқа сөзбен айтқанда, туристтер мен экскурсанттардың барып-қайтуы тек белгілі соқпақтар бойымен жүргізіледі. Соқпаққа жүктеме нормасын есептегенде келушілердің табиғатқа деген «қатыгездігін» есепке алу керек. Әдеттегідей, қысқамерзімді экскурсиялар агрессивтілігі төмен түріне жатқызылады. Онымен салыстырғанда ұйымдастырылған туризм, (2-кі күннен астам уақытқа созылған саяхат) 3 есе агрессивтірек. Осыған қатысты мұндай қатынауларға жүктеме нормалары 3 есе азайтылуы керек. Егер сөз әуесқой туризм туралы болса, жүктеме нормасы экскурсиялықтардан 6-7 есе төмен болуы керек. Осыған байланысты агрессивтілік көрсеткіштің орнына келушілердің мінез-құлқына байланысты емес салдарды есепке алады (мысалы, аумақты таптап тастау), сонымен бірге табиғатты қорғау ережелерін бұзулардың тікелей іс-әрекеттерін. Оларға туризм ұйымдастырушылармен жоспарланбаған от жағу; жеміс-жидек пен гүл жинау, ал сонымен бірге түрлі табиғат «сувенирлерін» жинау; тұрақтарды қоұыстау, шу әсерлері және т.б. Барлық факторларды ескере отырып, МТР рекреациялық жүктеме шамамен әуесқой мен ұйымдасқан туристтер-1-3 топ туристтер бір соқпақта бір күнде, пайдалану керек. Туристтік маршруттың басты элементі болып соқпақтың өзі болып келеді, негізгі жүктемені өзіне алатын сол. Құрылудың бастапқы кезінде ол мүлтіксіз біржолаяқты жіңішке ғана тығыздалған, жан-жағында табиғи кешеннің көзге көрінетін ешқандай өзгерістері байқалмайтын, шын мәніде бұзылмаған ормандармен немесе шалғындармен қоршалған, соқпақ болып келеді. Егер де осы соқпақтың қатынауы ұлғайса (туристтердің саны мен келу жиілігі өссе), онда соқпақта уақыт келе өзгереді. Құбылыстар ретімен жүре бастайды: топырақтың жоғарғы горизонты тығыздалады, ылғалдылық сыйымдылығы мен топырақтың ылғалдылықты сіңіру қабылеті төмендейді, беткей ағымдары көбеді, тегісбеттік эрозия пайда болады. Еңісі үлкен болса, бұл қатар жолақты эрозиялылық формалардың пайда болуымен толықтырылады, одан кейін соқпақ учаскесі бұзылады және жанама көршілес учаскелердің есебінен кеңееді, ал салдарынан соқпақтың әсер ететін аймағы кеңее түседі. Сонғы кезеңде соқпақ, әдеттегідей, тығыз тапталған орталық сағасы бар кең жол сияқты көрінеді. Оның жиегінде, әдетте сырттан әкелінген, тапталуға төзімді арам шөптерден тұратын сирек шөптесін жабындысын байқаймыз. Аумақты айнала соқпақтың екі жағынан табиғи кешенде бірқатар соқпақпен қатар сол бағытта жолақтарды ажыратуға

болады, әрқайсысы бұтақшалары мен шөптесін өсімдіктерімен, түрлі проективті жабындысымен, микро-және мезофаунасымен ерекшеленеді. Соқпақтың әсер ететін аймағының ені айтарлықтай аралықтарда ауытқиды: бірнеше ондық сантиметрден (егер соқпақ жартастың шет құрынан өтсе) бірнеше жүз метрге дейін (ашық таулы аумақтар жағдайларында, тыныштық факторын бұзу сезімтал жануарларға әсерін тигізеді). Жоғарыда көрсетілген жағдайда (ашық жер) соқпақ әсерінің сыртқы шекарасын топырақ-жерасты жағдайларының және өсімдік жабындысымен анықтамаған ұтымды, яғни туристтердің шығаратын дыбыстардың (дауыс, құрғақ шыбықтардың аяқпен сындыру дыбысы т.б.), сонымен қатар, иістердің таралу ұзақтығымен анықтаған. Соқпақтар өтетін экожүйелердің құлдырау қауіптілігін азайту үшін, соқпаққа жүктемені келесі жолдармен мөлшерлеп беру керек: топтағы адамдар санын қысқарту (соқпақтан шықпайақ барлығы экскурсия нұсқаушысын еститін санға дейін) бір мезгілге дейін келудің санын шектеу (бір күнге, аптаға, айға), әсіресе сезімтал учаскелерде демалыс орындар мен аялдамаларды, өтетін көпіршелерді, өткелдерді, сүйеніштерді, тепшектерді көпке дейін шыдайтын заттармен қатайтып бекіту, қоқыс жинағыштарын орнату сияқты құрылыс көмегімен соқпақтарды абаттандыру, экскурсанттар мен туристтердің соқпақта мінез-құлқыларын регламенттеу (шуға тиым салу, соқпақтан тыс шықпау, сувенирлерді жинауға – өсімдіктерді, жануарларды, тастарды т.б., үзір кезінде соқпаққа шығуға рұқсат етпеу (экожүйедегі жануарлар тыныштықтың бұзылуына сезімтал, табиғи жағдайлардан соқпақ зақымдалуы мүмкін т.б.)). Рекреациялық жүктемені анықтау әдістері әлі толық өнделмеген, сондықтан оның қалпына мониторинг жүргізіліп тұру керек және қатынау қарқындығын реттеп тұру қажет. Соқпаққа, маршрутқа рұқсат етілген жүктемені анықтауға, экологиялық критерийлерден басқа (ол тұралы сөз жоғарыда айтылып кеткен) «психологиялық көңіл-күйді» ескеру керек. Оның ішіндегі бастысы, туристтер мен экскурсанттар топтарының араларындағы қарым-қатынас деңгейінің мүмкіндіктері болып саналады. Маршрутты жоспарлағанда келушілер топтарының арасындағы арақашықты, бір-бірлерін соқпақта-да, аялдамада да естімейтіндей, кездестірмейтіндей жағдайларды алдын-ала есептеп алу керек. Осы жағдайда есепке алынатын негізгі факторлар ретінде – соқпақтың ұзақтығы мен бұрылыстары, күрделілігі мен қауіпсіздігі, шудың жететін жер көлемінің ені, соқпақ айналасындағы жердің ормандылығы, шолу орындардың сыймдылығы, көретін объектілерді қарап шығуға қажетті уақыты болып табылады. Тұрақтар үшін абаттандырылғаны, сыймдылығы, сумен, отынмен т.б. қамтылғаны ескерілуі тиіс. Әр топта болатын адамдардың саны міндетті түрде ескерілуі керек. Демек, жергілікті ерекшеліктермен танысып жүрген, экскурсиялық топта неғұрлым 8-10 адам болу керек (рұқсат етілетін максимумы 15-20 адам). Құстар мен басқа жануарларды бақылаушылар тобы 3-4 адамнан аспау керек, әсіресе тыныштықты бұзғанға ерекше сезімтал жануарларға қатысты. Жоғарыда айтылып кеткенге сүйене отырып, МТР рекреациялық сыймдылығын есептеп алуға болады. Аумақтың сыймдылығын есептеген кезде табиғи ерекшеліктер мен жеке экожүйелердің осалдығын ескеру керек. «Іле-Балқаш» МТР

жоспарланып отырған түрлі бағыттағы туристік маршруттары ай сайын, 100%-дық сұраныс болып тұрған жағдайда, 100 адамға дейін қабылдай алады.

Егер мониторинг нәтижесінде маршрут өтетін экожүйелер жағдайларының тұрақтылығы анықталса (зақымдамай тұрса) және жануарлар тыныштық бұзудың осы деңгейіне төтеп берсе, онда маршруттың рекреациялық жүктемесі болашақта көбейтілуі мүмкін. Халықаралық ұсыныстарды және МТР аумағының ерекшеліктерін ескере отырып, соқпаққа берілетін жүктеме мүмкіндігінше күніне 1 топтан аспау керек, автобустық экскурсияның құрамында бар болғаны 5 адам болу керек, басқа экскурсиялар түрлері үшін 10 адамнан аспау керек. Бұл жүктемелер маршрутты абаттандыру кезінде де қажетті, әсіресе экскурсанттар жаяу немесе жылқыға мініп жүрген жағдайларда және ерекшеліктерді көруге арналған көрме алаңдарында. Жартас бөктерінен өтетін маршруттарда абайлап жүру керек, өйткені бұл жерлерде соқпаққа артық жүктеме түсудің нәтижесінде эрозиондық құбылыстардың дамуы артады. Жоспарланатын демалыс орындарда және құрылыстары бар жайықтарда парктік тип бойынша абаттандыру жасау керек (соқпақ жолдар торы, кіші архитектуралық формалар), содан кейін барып 100-150 адам/га жүктемесі (архитектуралық жоспарлаудағы парктер үшін қабылданған жүктемелер) мүмкін болады. Барлық дүние жүзіндегі тәжірибе бойынша ландшафттарда шекті рұқсат етілген өзгерістерді (ШРӨ) анықтау тәжірибесі АҚШ-тың Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орманды қорғау қызметінің жүйесінде жасалған әдісі, рұқсат етілген жүктеме әдісінің алтернативасы ретінде, кеңінен тараған (Калихман және т.б., 1999). Рұқсат етілген жүктемелерді есептеудің басқа әдістеріне қарағанда, яғни көрсеткіш ретінде бір мезет бірлігінде келушілердің алаң көлеміне шаққандағы мөлшерін есептеудің орнына, ШРӨ әдісіндегі негізгі көрсеткіш болып табиғи ландшафттардың бастапқы тұрғыдан өзгерістердің шеткі көрсеткіштер мүмкіндіктері қарастырылған. Шын мәнінде, ЕҚТА жағдайларында келушілер (туристтер мен экскурсанттар) мен табиғи ортаның өзгерістерінің арасындағы тікелей және көзге көрінетіндей тәуелділік байқалмайды. Сонымен бірге ШРӨ әдісі дәстүрлі айтылатын және бір мәнді шешілетін мәселенің, яғни рұқсат етілетін жүктемелердің сандық көрсеткіштерін анықтаудан басқа, қорғалатын аумақтағы сақталатын табиғи ортаның сапалы мән-жайын анықтау мәселесіне көшуге мүмкіндіктер береді. Туристік қолданыс деңгейін бағалау акцентінен табиғаттық және әлеуметтік қолайлы жағдайларын бағалауға қарай көшу керек. ШРӨ әдісі МТР табиғи кешендерінің қалпының тұрақты мониторингін талап етеді. «Іле-Балқаш» МТР әкімшілігі болашақта, ресурстарды басқаруға, әлеуметтік және әкімшіліктік жағдайларды басқару мақсаттарын жүзеге асыру үшін осы әдісті пайдаланғаны ұтымды болады.

Туристтерге маршруттарда тыйым салынады:

-кез-келген көзделмеген жерлерде ашық отты жағуға. Жабдықталған тұрақтарда тамақ әзірлегенде парктің берген отынын пайдалану керек немесе өздерімен әкелген құралдарды пайдалануға (бензиндік примустар, газ жандырғылар т.б.);

- көзделмеген жерлерде маршрут үстінде шылым шегуге, әсіресе құрғақшылық маусымдарында. Шылым шегу тек тұрақтарда жайғастырылған жерлерде рұқсат етіледі;

- көзделмеген жерлерге тоқтау, отын немесе лагерді абаттандыру үшін басқа заттарды жинауға;

- табиғаттық тегі бар сувенирлерді жинауға. Экскурсияның мақсаты өсімдіктер мен саңырауқұлақтарды жинау болса, оған сәйкес лицензиясы болған жағдайда ғана рұқсат беріледі;

- аңдарды үркітуге, шуылдауға, айкайлауға, ән айтуға, қатты музыканы қоюға т.б.;

- гид пен экскурсия нұсқаушысының рұқсатысыз соқпақтан шығып кетуге және көрініс алаңын тастап кетуге;

-айналадағы табиғи объектілерді жазбалармен құртуға;

-болған жерлерінде қоқысты қалдыруға; қоқыс жинақтағышы болмаған жағдайда, барлық қоқысты өздерімен бірге алып кетеді;

-егер ауызша ескертілсе және рұқсат бермейтін жазбалар болса, өздігінен соқпақтарға, маршруттарға, объектілерге баруға.

Әр туризм түріне өзінің техника қауіпсіздігінің ережелері бар (жаяу, мініс аттармен, суда болу, велосипедтік т.б.). Маршрутта ұйымдасқан топпен өткен кезде барлық қатысушылар экскурсия нұсқаушысының, гидтың, бірге жол сілтеп жүрушінің айтқанына көнулері тиіс. Сапарға шығу алдында туристтерді МТР тәртіп ережелері мен алда тұрған қауіп-қаперлермен таныстырып кетулері керек. Туристтер тәртіп ережелерін бұзған жағдайларда экскурсия нұсқаушысы (гид, бірге жол сілтеп жүруші) экскурсияны тоқтатып, және топты маршруттан кері қайтаруға құқығы бар.

Осы факторлардың барлығын ескере отырып, Мемлекеттік табиғи резерваттың

Паспорты дайындалды:

«Іле-Балқаш» МТР РММ

Бас директор

Ж.Б.Джубаниязов

2019 ж.



**«Ле-Балқаш» МТР РММ
Паспортына қосымша 1**

«Ле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерват қорының объектілерінің тізімі


Рет саны	Мемлекеттік табиғи резерват қорының объектілерінің аталуы	Саны
1	2	3
1	Өсімдіктердің түрлері - барлығы	427
	Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төніп тұрғандар:	37
	Жоғары сатыдағы өсімдіктер	
2	Жануарлар түрлері – барлығы	365
	Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төніп тұрғандар:	20
	Бауырымен жорғалаушылар:	19
	Қосмекенділер:	3
	Құстар:	284
	Сүтқоректілер:	39

**«Ле-Балқаш» МТР РММ
Паспортына қосымша 2**

**«Ле-Балқаш» МТР РММ
Жануарлардың индикаторлық түрлерінің саны бойынша
жабайы жануарларға жүргізілген 2018 жылдың күздік санағының
қорытындысы**

Жануар атауы	Саны	
	Оңтайлы	Нақты
1	2	3
<i>Sus scrofa nigripes</i> - ортаазиялық доңыз- среднеазиатский кабан	450	407
<i>Capreolus pygargus</i> - елік- сибирская косуля	93	84
<i>Lepus tolai</i> - құм қоян- заяц -толай	3120	2950
<i>Gazella subgutturosa</i> қарақұйрық- джейран	98	91

КАРТА ПРОЕКТИРУЕМЫХ ОБЪЕКТОВ ИНФРАСТРУКТУРЫ УЧАСТКА "ДЕЛЬТА РЕКИ ИЛИЕ"
ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРИРОДНОГО РЕЗЕРВАТА «ИЛЕ-БАЛКАШ»



- Условные обозначения**
- Проектируемые объекты инфраструктуры и объекты
 - Центральная усадьба ГЭС с Водосборным
 - Курсы с плавильной рамой
 - 10701
 - Дамы, дамбы и сооружения
 - Объекты инфраструктуры
 - Площадки для складов, рамных сооружений, места депонирования
 - ГОС
 - Временный водопользователь
 - Зональная ограда - 17811 м/км
 - Буферная зона - 41000 м/км
 - Охранная зона - 40833 м
 - Границы охраняемых территорий и объектов - Дельта реки - 50000 м/км

Титульный лист
 Издание: 0005 0104
 Дата утверждения: 01.07.2007
 1:50000
 1:50000
 1:50000
 1:50000

**МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ЛЕСНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЖИВОТНОГО МИРА**

ПАСПОРТ

**Республиканское государственное учреждение «Государственный
природный резерват «Иле-Балхаш»**

Карой 2019 г.

Утвержден
Приказом Комитета лесного
хозяйства и животного мира
Министерства сельского
хозяйства Республики
Казахстан

от « 04 » мая 2019 г

№ 17-5-6/162

Зарегистрирован
Приказом Комитета лесного
лесного хозяйства и животного
мира Министерства сельского
хозяйства Республики
Казахстан



от « 04 » мая 2019 г

№ 17-5-6/162

Регистрационный номер ГПР-07

ПАСПОРТ

Республиканское государственное учреждение «Государственный
природный резерват «Иле-Балхаш»

Карой 2019 г.

1. Республиканское государственное учреждение «Государственный природный резерват «Иле-Балхаш», республиканского значения. Срок действия-постоянный. Категория-II.

(Наименование особо охраняемой природной территории, ее вид и категория).

Основание для организации: Сохранение биологического и ландшафтного разнообразия, использование в природноохранных целях уникальных природных комплексов и объектов государственного природно-заповедного фонда, имеющих особую экологическую, научную, историко-культурную и рекреационную ценность.

2. Республиканское государственное учреждение «Государственный природный резерват «Иле-Балхаш»», организован Постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 июня 2018 года №381

(Название, номер и дата принятия акта государственного органа, которым создана или расширена особо охраняемая природная территория).

3. Комитет лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан.

(Наименование государственного органа, в ведении, которого находится ООПТ).

4. Государственный природный заказник «Каройский» (комплексный), государственный природный заказник «Прибалхашский» (комплексный) .

(Наименование организации, на которую возложена охрана особо охраняемой природной территории, не имеющей статуса юридического лица)

5. Местонахождение особо охраняемой природной территории с картой-схемой с определением туристской инфраструктуры, географическими координатами, описанием границ, площадью ее территории и охранной зоны:

5.1. Республиканское государственное учреждение «Государственный природный резерват «Иле-Балхаш» Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан располагается на территории Балхашского района Алматинской области.

(Местонахождение особо охраняемой природной территории)

5.2. Описание границ ООПТ.

